

# ZANĠGAR



ZHANGER KHAN  
UNIVERSITY

2004 жылдың наурыз айынан шығады

Жылжабар баған

## Құрметті профессор-оқытушылар, білім алушылар және қызметкерлер!



Санаулы күндерден соң тағы бір жылдың тарихи парағын жауып, жаңа жылға қадам басқалы тұрмыз. 2021 жылдың тарихи ерекшелігі басым болды. Бұл жылы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын атап өттік. Елдігімізді ұлықтап,

еңсемізді тіктедік. Тәуелсіздік – ата-бабамыздың ғасырлар бойғы күресімен келген ең қастерлі, ең аяулы баға жетпес байлығымыз. Жастар тәуелсіздіктің қадірін біліп, оның тұғырын биіктетуге күш салуы тиіс.

Биыл 58 жылдық тарихы бар Жәңгір хан университеті үшін де әдеттегідей жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды. 905 түлек «бакалавр» дәрежесі бойынша оқуларын тәмамдап, кәсіби өмірге қадам басты. Магистратура бағдарламасы бойынша бітірген 85 түлек ғылым жолына түсті. Әскери кафедраны тәмамдаған 169 студент «запастағы лейтенант» атағын алып шықты. Ал жана оқу жылында 1000 студент білім алушылар қатарына қосылды.

Білім ордасындағы айтулы оқиғалар мен маңызды іс-шаралар мерейімізді үстем етіп, мәртебемізді асқақтата түсті. Игі бастамаларды бірлесе жүзеге асырып, жас ұрпаққа кәсіби білім беру жолындағы жұмысымызды жандандырдық. Соның нәтижесінде білім алушыларымыз республикалық студенттік олимпиадаларда жүлделі орындарды иеленді. Тамбов мемлекеттік техникалық университетінде өткен олимпиадаға да студенттеріміз белсене қатысып, бір студентіміз «Өз университеті командасының үздігі» номинациясы бойынша 1-орынды жеңіп алды. «Жасыл ел» қатарындағы еңбекші жастарымыз, қайырымдылық іс-шараларына атсалысып жүрген волонтерларымыз, дебат қозғалысының дамуына үлес қосып жүрген пікірсайысшылары-

мыз және өнер мен спортты серік еткен студенттеріміз де жыл ішінде биік белестерден көрініп, абыройымызды асқақтатты.

Университет қабырғасындағы «Парасат жолы» жобасы аясында өмірі өнегеге толы тұлғалармен кездесулер өткізіп, жас буынның тәлім-тәрбиесін де назардан тыс қалдырмадық. Білім алушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу бағытындағы жұмыстарымыздың биылғы жылдың еншісіндегі көрсеткіші – заманауи спорт кешені мен жазғы алаңдардың пайдалануға берілуі. Бұл жұмыстарымыздың нәтижесі – университетімізде 1 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 8 спорт шебері, 65 спорт шеберлігіне үміткер, 100-ден астам түрлі разрядтағы спортшылар білім алуда.

Күні кешегі Тәуелсіздіктің 30 жылдығындағы даму жолымыз түйінделген салтанатты іс-шарада отандық ғылымның дамуына өз үлестерін қосқан ғалым-ұстаздарымызды, еңбегі елеулі қызметкерлеріміз бен белсенді жастарымызды марапаттадық. Мұның барлығы – ортақ жұмысымыздың жемісі.

Жаңа жыл – өткенімізді саралап, болашақты бағамдайтын маңызды сәт. Үлкен үмітпен, ізгі ниетпен қарсылайтын жылымыз жағымды жаңалықтар мен қуанышты сәттерге толы болсын! Әр отбасыға молшылық пен бақ-береке тілеймін!

**А.М.НАМЕТОВ,**  
Жәңгір хан атындағы  
БҚАТУ басқарма төрағасы-ректор

## Тәуелсіздік



Алтын дән еккен алтын даласы арайлы,  
Бабалар еткен ерлікті баққа балайды.  
Ерлікпен келген, өрлікпен келген  
бостандық,  
Әлем бүгінде қызыға бізге қарайды.

Азатты күнді артта қалдырған өр елім,  
Азатты күнді тұғырдай биік көр, елім!  
Дәстүр мен салты дінімен тапқан үйлесім,  
Қазақтығымды мәңгілік жақсы көремін.

Ата берсінші Азаттығымның ақ таңы,  
Естілсін мәңгі бал бөбектердің тәтті әні.  
Кешегі зұлмат тарих боп қалсын мәңгілік,  
Ата-бабасы – ұрпақтың болып мақтаны.

Арда Алашым!  
Аласармасын байрағың,

Тәуелсіздігің басыңнан мәңгі таймасын.  
Рәміздерімді көкке көтеріп жүрейін,  
Бұзылмасын ана тілімнің қаймағы.

30 жыл толды алтындай азаттығыма,  
Қосамын бүгін егемендікті жырыма.  
Бөркінді лақтыр, батыр қазағым, аспанға,  
Тәуелсіздіктің шомылған күнде нұрына.

Көк туым көкте желбіресінші мәңгілік,  
Жас ұрпақ жүрсін азат жырымды ән қылып.  
Елтаңбам тұрсын елдігім болып төрімде,  
Әлемге естілсін Әнұран үні жаңғырып.

**Мейрамбек ТҰРДЫЙБАЙ**  
«Жерге орналастыру» мамандығы  
ЗУ-11 тобының студенті

